

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 3 шілдедегі N 635

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Астана қаласындағы әуежайды қайта жаңарту жобасын қаржыландыру үшін қаражат тарту жөніндегі шаралар туралы" 1998 жылғы 1 сәуірдегі N 278 P980278_ және "Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемды қайта қаржыландыру туралы" 1998 жылғы 12 маусымдағы N 529 P980529_ қаулыларына сәйкес тартылған Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен сыртқы мемлекеттік емес заемды алудың рәсімін жеделдету мақсатында, сондай-ақ дефолт фактілерін болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

"Астана қаласындағы әуежайды қайта жаңарту жобасын қаржыландыру үшін қаражат тарту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 1 сәуірдегі N 278 қаулысына:

2-тармақтың 2) тармақшасы мынандай редакцияда жазылсын;

"2) Ақмола қоры" жабық акционерлік қоғамы осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген заемшы және заемға қызмет көрсету жөніндегі агент болып белгіленсін;

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемды қайта қаржыландыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 12 маусымдағы N 529 қаулысында:

4-тармақтың 3) тармақшасындағы "қаулысында айқындалған шарттарда банкпен" деген сөздер "қаулысымен белгіленген агентпен" деген сөздермен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі